



АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ШӘКӘРІМДІ СУРЕТКЕ ТҮСІРГЕН КІМ?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет. Өскелең ұрпақты түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру керек.

№99  
(4532)  
Сейсенбі  
22 тамыз  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЖАРТЫ ЖЫЛДА – 1 МЛН 200 МЫҢ

Ұлттық академиялық кітапханаға жарты жылда келушілер саны 1 миллионнан асыпты.

Қазір кітапхана оқырмандарының саны 575 мыңға жетіпті. Соның ішінде 56 мыңнан астам адам – тұрақты оқырман. Ал жалпы кітапхананың кітап қоры – 1487105 дана, оның 588568-і – қазақ тілінде. Сонымен қатар сирек кітаптар, құжаттар мен қолжазбалар қоры 13568 кітапты құрайды.

## ЖӘРДЕМАҚЫ АРТТЫ

Бала күтімі бойынша төлем ұзақтығы 1,5 жасқа дейін ұзартылды.

Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады. 1 тамыздағы жағдай бойынша республикалық бюджеттен 107,2 мың жұмыс істемейтін ата-ана 20,9 млрд теңге сомасына жәрдемақы алды. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 439,6 мың ата-ана 144,8 млрд теңге сомаға табысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлем алды.

## ИНВАТАКСИ КӨБЕЙДІ

Көп ұзамай елорда көшелерінде 100 инвакиси ерекше қажеттілігі бар жолаушыларға қызмет етеді.



Қала басшылығы осындай көлемде өз қаражатына инвакиси сатып алатын инвестормен келісім жасаған. Мұндай мәліметті мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов таратты. Қыркүйек айында мәслихат депутаттары инвакисидің жаңа жүйесінің диспетчерлік қызметімен танысады. Сондай-ақ активтер басқармасы қайта әлеуметтендіру орталығын «Кірпіш» темір жолынан басқа жерге көшіру мәселесін шешуі керек.

# МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Қыркүйек айы жақындады дегенше баланы мектепке дайындау үшін ата-аналар біресе базарға барып, біресе сауда үйін жағалап, жәрмеңкеден арзандау бұйымдарды алуға тырысады. Әсіресе 3-4 баласы мектепке баратын отбасыға баланы мектепке дайындау оңай емес. Бір баланы мектепке дайындау үшін ата-ана қанша қаржы жұмсайтынын білу мақсатында елорда дүкендері мен базарларын аралап шыққан едік.



## 15 АВТОБУСТЫҢ БАҒДАРЫ ӨЗГЕРДІ

Астанада 15 автобустың бағдары өзгерді. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС ақпарат таратты. Себебі қалада жол жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр.

«Құрметті жолаушылар! Жол жөндеу жұмысы аяқталғанға дейін №5, 5А, 8, 9, 11, 13, 15, 15А, 28, 44, 47, 48, 60, 64, 71 бағдарларының қозғалыс сызбасы уақытша өзгерді. Сапарларыңызды алдын ала жоспарлауды сұраймыз» деп жазылған хабарламада.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.69 \$ USD/KZT 461.71 ₸ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 63.31

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вьетнам Социалистік Республикасына ресми сапары Ба Динь алаңында орналасқан ұлт қаюармандары монументіне және Хо Ши Миннің мавзолейіне гүл шоғын қоюдан басталды.

1945 жылы 2 қыркүйекте Хо Ши Мин осы алаңда Вьетнамның тәуелсіздігін жариялады. Президент Вьетнамның бостандығы үшін күресте қаза тапқан батырлардың және осы елдің ұлт көшбасшысы Хо Ши Миннің рухына тағзым етті. Гүл шоғын қою рәсіміне Қазақстанның ресми делегациясы қатысты.

Мемлекет басшысы Вьетнам Президенті Во Ван Тхыонгпен келіссөз жүргізді. Келіссөздер алдында Президент сарайында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Екі ел басшыларына Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары орындалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Во Ван Тхыонг бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық, агроөнеркәсіптік және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды. Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Во Ван Тхыонгқа алғыс айтып, осы сапарға баса мән беретінін атап өтті.

«Қазақстан Президенті ретінде Сіздің еліңізге алғаш рет сапармен келіп отырмын. Мен бұл сапарыма баса мән беремін. Қазақстанда Сіздің елге және Вьетнам халқына зор құрметпен қарайтынын атап өтім келеді. Вьетнамның экономикалық жетістіктері елдеріміздің ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға берік негіз болады. Біз екі мемлекет арасындағы экономикалық, саяси қатынастарға баса мән

береміз және Вьетнамның экономикалық зор әлеуетін және оның халықаралық аренадағы беделін жоғары бағалаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өткен жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда-саттық жарты миллиард доллардан асқанына, биылғы алты айдың өзінде 600 миллион доллар болғанына назар аударды. Жыл соңына дейін бұл маңызды көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөздер екіжақты қатынастарды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенім білдірді.

Өз кезегінде Во Ван Тхыонг екі ел арасындағы ынтымақтастықты жандандыру ісін жоғары бағалап, Қазақстан мен Вьетнамның серіктестігін одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

«Сіздің елімізге жасаған алғашқы ресми сапарыңыз екі мемлекеттің дәстүрлі достық қарым-қатынасы мен көпжақты ынтымақтастығын жандандыруға тың серпін беретініне сенімдімін. Мен Қазақстанда сапармен болдым. Өте тамаша, ғажап ел, халқының қонақжайлығына төнті болдым. Вьетнам Қазақстанның дамуын және Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан халқының жеткен зор табысын жеті бақылап отыр. Сіздің тәжірибеніз бен стратегиялық көрегендігіңіздің арқасында Қазақстан одан әрі дамып, әлемдегі және аймақтағы тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосатынына сенімдімін. Вьетнам ұлт-азаттық күресі мен мемлекеттің бірігуіне және қазіргі дамуына қазақ халқының көрсеткен жәрдемін

ешқашан ұмытпайды әрі алғыс айтады. Біз Қазақстанмен арадағы дәстүрлі достық қатынасақ зор мән береміз және еліңізді Орталық Азиядағы маңызды серіктес санаймыз» деді Вьетнам Президенті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әріптесі Во Ван Тхыонгты Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Келіссөздер қорытындысы бойынша президенттер Бірлескен коммюнике қабылдады. Сонымен қатар сапар аясында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Олардың арасында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жедел дамыту жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған бірлескен іс-қимылдар жоспары; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім; Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Мәдениет, спорт және туризм министрлігі арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум; «Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ (QazTrade) мен Вьетнамның сауданы дамытуға жәрдемдесу агенттігі (VietTrade) арасындағы саудаға жәрдемдесу саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум; «Қазпошта» АҚ мен Viet Post корпорация арасындағы электрондық коммерцияны дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум және тағы басқалары бар.

## ЖАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

Кеше Астана қалалық коммуникациялар қызметінде елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың қатысуымен брифинг өтті. Ол Астананы жайлы және қауіпсіз қалаға айналдыру үшін қолайлы орта қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып, жұртшылықты толғандырған сауалдарға жауап берді.

«Биыл өткен Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлау Мемлекет басшысы айтқан саяси және конституциялық реформалардың қысқынды қорытындысы болды. Осы өзгерістердің барлығы мәслихаттардың өздерін қалыптастыру процесін жаңартты деуге толық негіз бар. Егер бұрын үміткерлер тек партиялық тізімдер бойынша таңдалса, енді бір мандатты округтер бойынша сайланады. Қазір елорданың мәслихатында Аманат, «Ақ жол», «Байтақ» және «Қазақстан халық партиясынан» 34 депутат бар» деді Е.Каналимов.

Мәслихат төрағасының айтуынша, тұрғындармен кездесулерде, негізінен, коммуналдық-тұрмыстық мәселелер айтылады: қоғамдық көлік жұмысы, абаттандыру, көгалдандыру, қоқыс шығару.

«Мәслихат депутаттары әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға тұрғын үйлерді газдандыруға материалдық көмек мөлшерін 130 АЕК-ке бекітті. Көптеген отбасының бұл көмекке қолы жетті. Сонымен қатар, қажетті құжаттар тізімі қысқарды» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

Ол астаналық полиция білікті кадрлардың, атап айтқанда, учаскелік мектеп және көмелетке толмағандар жөніндегі инспекторлардың тапшылығын сезініп отырғанын айтты.

«Пункттер мен стационарлық модульдік бекеттерді ашу қажет. Төтенше жағдайлар департаментінің материалдық-техникалық базасын және жеке құрамын әлеуметтік қолдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Өрт сөндіру бөлімдерінің ғимараттарында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, өрт сөндіру деполары салынуға, қажетті жабдықтар сатып алынуда, әлеуметтік мәселелер шешілуде: құтқарушылардың балалары лагерьлерге жіберіліп, отбасыларға пәтер сатып алуға сертификаттар бөлінуде» деді ол.

Мәслихат төрағасы мектептер мен студенттік жатақханалардың құрылысына жеке тоқталды.

«Аманат партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша жол картасы аясында Астанада 2027 жылға дейін 53 мектеп салу жоспарланған. Олардың 11-і биыл салынады. Әлеуметтік нысандардың қажеттіліктерін ескере отырып, қаланың барлық ауданында орналасатын болады. «Жайлы мектеп» қанатқақты жобасы аясында 2025 жылға дейін 89 мың орындық 24 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда» деді Е.Каналимов.

Оның айтуынша, Биыл елорданың барлық мемлекеттік мектептерінің бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы 5-11-сынып оқушылары мектеп асханаларында жеңілдік негізінде тамақтануды жалғастыруда.

«Өткен жылы менеджмент, бизнес және білім колледжі студенттеріне арналған жатақхана ашылды. Жақында политехникалық колледжде заманауи шеберханалары бар жатақхана пайдалануға беріледі. Депутаттық корпусның күш-жігерінің басым бөлігі елордада 16 тұрғын үй алаптарының тұрғындары үшін қолайлы жағдайларды жақсартуға бағытталған. Биыл «Ұркер» тұрғын алабында дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Мұнда ХҚКО, полиция пункті, қарттарға арналған клуб, балаларға арналған қысқа мерзімді бөлмелері және т. б. қарастырылған» деп жалғады сөзін спикер.

Үлестік құрылыс мәселесі елорда әкімі мен мәслихаттың тұрақты бақылауында. 2019 жылы Астанада 150-ге жуық проблемалы тұрғын үй болған. Осы жылдың басында құрылыс кезеңінде 32 үй болды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылы 16 нысанның құрылысы аяқталған соң, 6 нысанда 1500-ге жуық үлескер өз пәтерінің кітін алады» деді мәслихат төрағасы.

2600 үлескерге ағымдағы жылдың соңына дейін пәтер кілт тапсырылады.



## ЖАЛАҚЫ МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Қаржы министрлігі «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет» туралы заң жобасын әзірледі. Құжатта 2024 жылы орташа жалақы мен зейнетақы қанша болатынын көрсетілген. Бұйрық жобасы «Ашық нормативтік құқықтық актілер» порталында жарияланған.

Жобаға сәйкес, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап:  
\* ең төменгі жалақы мөлшері – 70000 теңге;  
\* мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28215 теңге;  
\* зейнетақының ең төменгі мөлшері – 57853 теңге;  
\* базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін

ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 43407 теңге болмақ. Заң жобасына сәйкес, «жасын байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне бағытталған қаражат олардың мөлшерін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 9 пайызға арттыруды ескере отырып көзделгені белгіленсін»

деп қабылданды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекет жарналарының мөлшері – мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 1,9 пайызы. Заң жобасы 2023 жылдың 4 қыркүйегіне дейін қоғамдық талқылауда болады.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


**Израильде 8 ай бұрын басталған наразылық әлі басылар емес. Бұл жолы сот реформасына қарсы бас көтерген 100 мыңнан астам адам көшеге шықты.**

Үкімет ғимараттары орналасқан аудандағы көлік қозғалысы мүлдем тоқтады. Полиция мен дәрігерлер күнітүні кезекшілікте жүр. Ереуілшілер билік ұсынған реформа осыған дейін тәуелсіз болып келген сот жүйесін әлсіретеді деп есептейді. Ел Парламенті шілдеде атышулы заң жобасын қабылдап жіберді.



**Еуропаны аптаптың жаңа толқыны шарпыды.**

Францияның жол қызметі жүргізушілерді көлік моторының қызуынан сақтану үшін жиі-жиі тоқтауды ескертуде. Әлеуметтік қызметтер мен еріктілер көлік тізгіндеген жандарға тегін су таратып жүр. Оңтүстік Еуропаның көп ауданы 40 градус ыстыққа үйреніп қалды. Римде шілденің ортасында ауа температурасы +43 градусқа жетті. Тамызда ол +38-40 С-қа түсті. Алайда алапат аптап туристерге тосқауыл қоя алмады.



**11 тамызда Айға ұшырған Ресейдің «Луна-25» зерттеу станциясы Айға қону сәтінде өртеніп кетті.**

Осылайша ел тарихындағы Айды зерттеу бойынша жасаған алғашқы миссия сәтсіз аяқталды. Миссияға 12,6 млрд рубль кеткен. Бұл туралы «Роскосмос» корпорациясы хабарлады. Аппараттың негізгі міндеті – Айға «жұмсақ» қону технологиясын пысықтау, сондай-ақ табиғи ресурстарды барлап, ғарыштық және электромагниттік сәулелердің Ай бетіне әсерін зерттеу.



## МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

### БАЗАРДАҒЫ БАҒА

«Астаналық базар» сауда үйі («Артем») жанындағы ашық алаңда мектеп жәрмеңкесі биыл да ашылды. Мұнда келгенде ата-аналар балаларын мектепке дайындау қамына кірісіп кеткенін байқадық. Әр сатушы маңында бірнеше адамнан тұр, таңдау бар. Киімнің сапасына қарай бағасы белгіленген. Мәселен, қыз балаға форма 6000 теңгеден жоғары, фартук бағасы 2500-3000 теңге аралығында (былтыр 2000 теңге). Ұл балаларға арналған костюмнің бағасы – 23000 теңге (былтыр 20000 теңге). Жейде 5500 аралығында (былтыр 4500 теңге). Ал галстук 1500 теңгеден (былтыр 1000 теңге). Спорт костюмін 5 мыңнан 10 мың теңгеге дейін алуға болады. Кеңсе тауарлары біраз қымбаттаған: күнделіктің бағасы былтыр 700 теңге болса, биыл 850 теңге. 1 дәптер 50 теңгеден (бұрын 40 теңге), бір жерден барлық кеңсе тауарларын, оқу құралдарын алатын

болса, жеңілдік жасап, дәптерді 40 теңгеден алуға болады. Сөмке былтыр 5000-нан басталатын, биыл 6000-нан алуға болады. Ресейдің рюкзактары 10-12 мың теңге аралығында. Бір оқушыға оқу құралдарын алу кемінде 40-45 мыңға түседі. Қыз бала 25 мың теңгеге киінсе, ұл бала 40 мыңға мектепке баруға дайын болады. Мұның бәрі – Бішкектен, Қытайдан келген тауарлар, ал ресейлік, түркиялық киімдер бағасы бұдан әлдеқайда жоғары.

Сатушылар бір баланы мектепке дайындау үшін биыл орташа есеппен 60-70 мың теңге (былтыр 50-60 мың теңге) керек екенін айтады.

– 4 баланың анасымын, екеуі ересек, мектепке баратын екі баламның жыл сайын керек-жарағын осылай даярлаймын. Биыл киетін костюм, форманы таңдап алдық, енді, міне, кеңсе тауарларын сатып алып тұрмын, былтырғыдан едәуір қымбаттапты, – дейді көпбалалы ана Дана Қуанышева.

### ДҮКЕНДЕ ҚАНДАЙ?

Кеңсе тауарлары дүкенінде қарындаш 1500 теңгеден, қаламды 25

теңгеден, қарапайым қарындашты 35 теңгеден, сурет салуға арналған альбомды 135 теңгеден, сызғышты 80 теңгеден бастап сатып алуға болады. Кітаптар мен дәптерлерге арналған мұқаба 175 теңгеден, картон 200 теңгеден, қайрағыш 50 теңге тұрса, ермексаз үшін 300 теңге төлейсіз.

Супермаркеттегі бағаларды қарасақ, қаламның бағасы – 29 теңгеден, дәптер – 29 теңгеден, қарапайым түрлі түсті қарындаштар – 199, түрлі түсті картон – 429, фломастерлер – 155, ұштағыш – 99 теңгеден, түрлі қыл-қалам – 369, бояу – 259, гуашь – 355, сурет салуға арналған альбомның бағасы – 129 теңгеден.

Бұдан өзге жұмысбастылығына байланысты дүкендер мен жәрмеңкелерге шыға алмайтын ата-аналарға мектеп тауарларын сатып алудың онлайн-сервисі бар. Осы арқылы ата-ана интернет-платформада жеткізіліммен тауарларға тапсырыс бере алады. Әрине, бірақ баға айтарлықтай жоғары.

### ЖӘРМӨҢКЕЛЕРІ ҚАЙ ЖЕРДЕ?

**Астанадағы мектеп жәрмеңкелерін мына мекенжайдан таба аласыздар:**

- Нұра ауданындағы цирк тұрағы;
- Байқоңыр ауданындағы «Тұлпар» сауда үйі алдындағы тұрақ;
- Demalys Promenade аллеясы, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 14 – Сарыарқа ауданында;
- Есіл ауданындағы Ботаникалық бақтың тұрағы;
- Алматы ауданында – Абылай хан даңғылы, 20А.

Балаларын мектепке сақдай сай етіп даярлау – ата-ана үшін жауапты іс. Бірі қалтасына қарай көсілсе, енді бірі өз қалауына қарай дайындалады. Жыл сайын дәстүрге айналған республикалық «Мектепке жол» шарасының шаарапаты да көптеген әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасыға көмегін беріп, септігін тигізіп жатады. Келесі аптада сабақ басталады. Қалада да, ауылда да ата-аналар, оқушылар қызу дайындық үстінде.

### Солтүстік Корея қанатты зымырандарын сынақтан өткізді.

Әскери-теңіз күштерінің жауынгерлік дайындығы туралы жергілікті БАҚ хабар таратты. Мемлекет басшысы Ким Чен Ынның әскерилермен түскен суреті жарияланды. Бірақ сынақтың нақты қай уақытта өткізілгені белгісіз.



### Түркияда жыл аяғына дейін инфляция деңгейі 59 пайыздан асады.

Бұл елдің Орталық банкі қаржы мамандарының арасында жүргізген сауалнамадан кейін белгілі болып отыр. Сондай-ақ желтоқсан айында жергілікті валютаның 1 долларға шаққандағы құны 30 лираға жуықтауы мүмкін. Сауалнамаға өртүрлі қаржы нарығының 40 өкілі қатысқан.

## ЖЕКЕ ҒИМАРАТ ҚАЖЕТ

Жуырда қалалық мәслихат депутаттары Бурабай ауданында орналасқан Астана әкімдігінің қарттарға, мүгедектерге және ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталығында болып, өзекті мәселелерімен танысты. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Қазіргі кезде бұл орталыққа барлық коммуникациялары бар жеке ғимарат салу қажет. Орталық басшылығы бұл жерге тірек-қимыл жүйесі бұзылған науқастарға қызмет көрсететін бассейн салуды ұйғарыпты. Сонымен қатар, мұнда толық оңалту курсына алуға болады. Орталық қызметкерлері науқастарды күніне 5 рет тамақтандыруға, сапалы емдік-сауықтыру іс-шараларын

өткізуге айрықша назар аударады. Жыл сайын орталыққа 5 мыңға жуық адам келеді. 2021 жылы елордалық мәслихат асханаларға қажетті медициналық және жабдықтарды сатып алуға қаражат бөлуді қолдады. Осы орталыққа қатысты мәселелердің қорытындысын мәслихат отырыстарының бірінде шығарамыз» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## САЛЫМШЫ БОЛАМЫН ДЕП САН СОҚПА

Елордада жыл басынан бері рұқсат құжаты жоқ 90 нысанның құрылысы жүргізілген. Бүгінгі таңда 90 нысанның 44-і құрылыс салуға қажетті барлық рұқсат құжатын толықтап алған. Қалған 46 құрылыс нысаны рұқсат құжатын толықтауға міндеттелді.

Астана қаласы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының дерегінше, биыл қаланың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына құрылыс-монтаж жұмысын тоқтата тұруға және бұзуға қатысты 63 талап арыз түскен. Мұның бір бөлімі қазір сотта қаралуда, бір бөліміне шешім шықты. Сот шешімімен Әділет департаментінің қарауына жіберілгені де бар.

Бас қалада «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР заңының талаптарын сақтау бойынша да бірқатар мәселе бар. Сол себепті қала тұрғындарын ақпараттандыру және заңның бұзылуына жол бермеу үшін әкімдіктің ресми ресурсында және

БАҚ-та үлескерлердің қаражатын қабылдауға құқығы жоқ құрылыс салушылардың «қара тізімі» жүйелі түрде жарияланып келеді.

Құрылыс компаниялары үлескерлердің ақшалай қаражатын «тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының кепілдігін алу», «екінші деңгейдегі банктің жобасына қатысу» және «тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасын тұрғызғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту» сынды 3 түрлі жағдайда ғана тарта алатынын тұрғындар ескерген жөн. Үй алатын кезде тұрғындар қала әкімдігінің сайтында жарияланған «жосықсыз құрылыс салушылардың тізімі» де қарауды ұмытпағаны дұрыс.



## КӨШЕЛЕР ҚИЫЛЫСЫ ЖАБЫЛАДЫ

Астанада LRT желісінің жобасын іске асыру аясында Сығанақ көшесінің бойында Сауран көшесі мен Ақмешіт көшесінің қиылыстарында монолитті темірбетон балкаларын орнату жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты CTS-ке сілтеме жасап хабарлады.

Осыған байланысты 25 тамыздан нақтырақ айтқанда, Қабанбай батыр даңғылынан Түркістан көшесіне дейінгі (оңтүстік жағы) қозғалыс толығымен тоқтатылады және Сығанақ көшесінің бойымен Түркістан көшесіне Қабанбай батыр даңғылына дейінгі аралықта (солтүстік жағы) қозғалысқа ішінара шектеу (екі жолақ) енгізіледі. Шектеу мерзімі 30

қарашаға дейін созылады. Көрсетілген шектеулер бойынша осы учаскеде өтетін қоғамдық көлік қозғалысында өзгеріс болмайды. LRT құрылысының барысы туралы жаңалықтар @cts\_kz парақшасында жарияланады.

«Қала тұрғындары мен көлік иелеріне жағдайға түсіністікпен қарауды және өз бағытын алдын ала жоспарлауды сұраймыз» делінген CTS хабарламасында.



Елордада бұзуды талап ететін 206 үй, оның ішінде 18 апатты жатақхана бар. Олар 2029 жылға дейін сүрілетін болады. Осыған байланысты қазіргі уақытта 2023-2029 жылдары бұзуға жататын 4710 пәтерге арналған 206 апатты үйдің тізбесі қалыптасты. Сүрілетін үйлердің тізбесі туралы ақпарат әкімдіктің ресми сайтында жарияланған.

Астана әкімінің қала тұрғындарымен болған кездесулерінде жиі көтерілетін өзекті проблеманың бірі – осы апатты үйлер проблемасы. Әсіресе елордадан сыртқары орналасқан елді мекендерде бұл мәселе «күйіп» тұр. Әсем шаһардың қақ ортасында қаланың сиқын бұзып, сәнін кетіріп тұрған осындай тозығы жеткен ескі үйлердің қашан сүрілетіні жергілікті жұртшылықты жиі алаңдатады. Себебі мұндай үйлердің қала көркіне нұқсан келтіріп қана қоймай, тұрғындардың өміріне қауіпті екені де шындық.

Қала әкімінің айтуынша, соңғы төрт жылда бас қаладағы 38 үйдің тұрғыны жаңа қонысқа көшіріліп, тозығы жеткен ескі үйлер сүрілді. Дегенмен Астанада апатты үйлердің қатары азаймай отыр. Бұл бағытта «Елорда даму» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр.

Аталған бағдарлама іске қосылған сәттен бастап барлығы 4200 отбасы бұзуды талап ететін ескі үйлерден көшірілді. 2030 жылға дейін апатты жағдайдағы 4,5 мыңға жуық пәтерді сүру көзделіп отыр. Биыл осындай үй тұрғындарына 300-400 пәтер пайдалануға беріледі. Алдағы

## АПАТТЫ ҮЙЛЕР АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

уақытта жыл сайын 700-ге жуық пәтер беру жоспарлануда, – деді Жеңіс Қасымбек елді мекен тұрғындарымен болған кездесулердің бірінде.

Тозығы жеткен ескі үйлер қаланың барлық ауданында бар. Өткен ғасырдың 50-60-жылдарында салынған мұндай баспаналардың кейбірінің қабырғалары құлап, әйнектері сынып, іші көк сасып, адам тұруға жарамсыз боп қалған. Сүмен және электрмен жабдықтауда да проблемалары бар, шатырынан су ағып тұрған үйлерде тұрудың өзі бір қиямет. Астанадағы апатты үйлердің бірінде тұрып жатқан елордалық Балқұмис Қуатқызының пікірінше, мұндай үйлердің иелері көбіне жылжымайтын мүлкін айлығы шайлығынан аспайтын, орталықтан пәтер жалдауға шамасы жоқ, жағдайы төмен отбасыларға жалға беріп, өздері қаланың басқа бұрышынан пәтер тауып алады екен.

«Бұл үйлерде көбіне пәтер жалдаушылар тұрады. Сыз тартқан бөлмелер қысы-жазы бір жылымайды, оның үстіне үйде орталықтан келетін су да, жылу да жоқ. Есесіне мұндағы пәтер құны әлдеқайда арзан.

**Бүгінде бас қалада бұзуды талап ететін 206 үй, оның ішінде 18 апатты жатақхана бар. Олардың барлығын 2029 жылға дейін сүріп, тұрғындарын жаңа үймен қамтамасыз ету көзделіп отыр**

Сондықтан осындай үйде тұрған бізге әлдеқайда тиімді» деді Б.Қуатқызы.

Ал әкімдіктегілер апатты үйлердің тұрғындары үшін алдағы үш жылда 3000-ға жуық жаңа пәтер салынағанын алға тартып отыр. Мәселен, Чехов көшесіндегі №3 және №1 үйлердің кәріз жүйесі жұмыс істемейді. Барак типтес осы үйлердің бір бөлігі 2024 жылы бұзылатын нысандар тізіміне енгізілмекші. Сондай-ақ Сарыарқа ауданының Агроқалашық елді мекенінде келесі жылы тозығы жеткен үш үйді бұзу жоспарланып отыр және алдағы үш жылда осындай ескі үйлердің тұрғындары үшін 2,5-3 мыңға жуық пәтер салу көзделіп отыр. Өзге де апатты үйлер бойынша тізім қала әкімдігінің ресми сайтында үнемі жаңартылып отырады.

– Байқоңыр ауданында жоғары вольтты электр беру желілерінің астында орналасқан үйлер бар. Олар Күлтегін, Асан қайғы, Сырдария және Лермонтов көшелерінде орналасқан. Өткен жылы бұл үйлердің бір бөлігі сатып алынған болатын. Биыл да жүйелі түрде учаскелерді сатып алу, үйлерді бұзу жұмысы жалғасады. Осылайша, тұрғындар ұзақ жылдан кейін жаңа қонысқа көшіп, денсаулығына алаңдамайды. Бағдарлама негізінде келешекте бұл жеке сектордың орнына әлеуметтік нысандар, жаңа тұрғын үй кешендері мен қоғамдық кеңістіктер пайда болады, – деді қала басшысы.

Бүгінде бас қалада бұзуды талап ететін 206 үй, оның ішінде 18 апатты жатақхана бар. Олардың барлығын 2029 жылға дейін сүріп, тұрғындарын жаңа үймен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

**Жалпы жоспар бойынша 2029 жылға дейін республика бойынша 1,5 мың үй бұзылуы тиіс. Ал ондағы 40 мыңға жуық тұрғын жаңа үймен қамтамасыз етіледі. Мамандардың мәлімдеуінше, 2022 жылы республика бойынша 114 үй сүрілген**

Жалпы жоспар бойынша 2029 жылға дейін республика бойынша 1,5 мың үй бұзылуы тиіс. Ал ондағы 40 мыңға жуық тұрғын жаңа үймен қамтамасыз етіледі. Мамандардың мәлімдеуінше, 2022 жылы республика бойынша 114 үй сүрілген.

Иә, апатты үйлерді азайту – алдағы күннің маңызды міндеті. Сол себепті Мемлекет басшысы елордалықтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін тиісті мекеме басшыларына тапсырма берген болатын. Бүгінде жүктелген міндет жоспар бойынша жүзеге асып, тұрғын үй кешендерін жөндеу, лифтерді ауыстыру, жеңілдетілген әлеуметтік тұрғын үй салу, ұзаққа созылған құрылыстарды аяқтау жұмысы тиімді нәтиже беріп отыр. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, Астана қаласында тұрғын үй қорын жаңарту, апатты ескі тұрғын үйлерді бұзу жобасы іске асуда.

## «ҮРКЕРДЕГІ» ІРГЕЛІ ІСТЕР

Астаналық Нұра ауданы әкімінің орынбасары Руслан Оралов пен аудан әкімінің инспекторы Жарқын Айтжанов «Үркер» тұрғын алабындағы қоғамдық кеңістіктерді аралап шықты. Мердігер ұйымдар мен аудан әкімдігі қызметкерлерінің қатысуымен өткен кездесуде тұрғын алапты жақсарту мәселесі талқыланды.

Алдымен К.Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназиясына ат басын тірегендер білім мекемесінің бүгінгі жағдайымен танысты. Биыл нысан жанында мектеп автобусына арналған тұрақ аймағын жабдықтау жоспарлануда. Сондай-ақ мектепке іргелес Исатай батыр көшесінде ағаш отырғызылады.

Мектеп жанындағы алаң да назардан тыс қалған жоқ. Ойын алаңының барлық элементі жөнделіп, ретке келеді.

Быылдан бастап Айғыржал көшесіндегі скверге ерекше назар аударады. Енді қоғамдық кеңістікті аудандық әкімдік қарамағына алмақ. Қазіргі уақытта скверді Нұра ауданы әкімдігі аппаратының балансына беру үшін акт дайындалуда.

Аралау барысында аппарат қызметкерлері мердігер ұйымдарға бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар санитарлық тазалауды күшейту және жасыл желектерді күтіп ұстау, бейнебақылау камераларын қосу және жарықтандыру мәселелеріне қатысты ескертулер жасалды.

2023 жылдың ақпан айында тұрғын алапты дамытудың жол картасы қабылданды. Қазіргі уақытта «Үркер» тұрғын алабында 2 мемлекеттік мектеп, инженерлік желілер, тротуарлар және т. б. салынууда. Сондай-ақ биыл ашылған дене шынықтыру-сауықтыру кешеніндегі спорт үйірмелеріне алаптың балалары арасында іріктеу жүріп жатыр.



## ЖАНУАРЛАРҒА КҮТІМ ЖАСАУДА

Жыл сайын тамыз айының әр үшінші сенбісінде халықаралық қаңғыбас жануарларды қорғау күні аталып өтеді. Елордада бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп келеді.

Астана қаласы әкімінің бастамасымен елордада 2020 жылдан бастап жануарларды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Оның құрамына зообақ ұйымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері, ветеринарлар кіреді. Бүгінде оларға еріктілер де жәрдемдесуде. Елорда еріктілері қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды тамақтандырып, күтуге көмектеседі.

Бүгінде Астана бойынша 6 бригада қараусыз жүрген жануарларды ұстаумен айналысады: әр ауданға бір-бірден және тағы бір жедел әрекет ету бригадасы бар.

Жалпы елордада 2017 жылдан бастап осы мақсатта ерекше әдістер қолданылып келеді. Онда

тор, тұзақ, жем қолданылады. Ұсталған иттер мен мысықтар иесіне қайтарылғанға дейін немесе үшінші тұлғаға берілгенге дейін уақытша ұстау пунктіне 60 күн болады. Бұл ретте талап меморандум аяқталғанға дейін, ветеринарлар кіреді. Бүгінде оларға еріктілер де жәрдемдесуде. Елорда еріктілері қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды тамақтандырып, күтуге көмектеседі.

Қазіргі таңда уақытша ұстау пунктіне 3000-нан астам ит пен 200 мысық бар. Қаңғыбас жануарларға қатысты мәселені шешудің негізгі әдісінің бірі – оларды зарарсыздандыру. Соңғы үш жылда 9500 жануар зарарсыздандырылды.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

## КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР

Бүгінгі таңда ауданда «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жаңғырту» бағдарламасы бойынша тұрғын үйлерде күрделі жөндеу және лифтерді ауыстыру жұмысы жалғасуда.

Алматы ауданында аталмыш бағдарлама аясында тұрғын үйлерде күрделі жөндеу жұмысының 90 пайызы орындалды.

Биыл жұмысшылар 8 үйдің шатырын, 6 үйдің қасбетін ауыстырып, 8 ғимаратта инженерлік желілерді жөндеуде. Сон-

дай-ақ 6 үйде күрделі жөндеу кешенді түрде жүргізілуде.

Сонымен қатар биыл, тұрғын үйді күрделі жөндеу бағдарламасымен қатар, 3 үйде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша үй маңындағы

аумақ абаттандырылды.

Алматы ауданының баспасөз қызметі хабарлағандай, ТКШ жаңғырту бағдарламасын іске асыру жылдарында ауданда 97 көпқабатты тұрғын үй жаңартылып, 94 лифт ауысты.

Жаңа оқу жылы жақындап қалды. Мыңдаған студент Астана мен Алматыға қарай ағылады. Олардың келуін тек университеттер ғана емес, пәтерін жалға беретін үй иелері де асыға күтері даусыз. Өйткені бұл кезде пәтердің де бағасы тез шарықтап шыға келеді. Ал жатақханадағы орындар бәріне бірдей жетпейтіні белгілі. Бүгінгі таңда Қазақстанда жатақхана тапшылығы 70 мың төсек-орынды құрайды, оның ішінде Астанада – 15 мыңнан астам, Алматыда – 33 мыңнан астам. Студенттер, амал жоқ, пәтер жалдауға немесе басқа жолын іздеуге мәжбүр болады. Баспана мәселесін студенттер қалай шешіп, қалай ақшасын үнемдей алады – осыны зерделеп көрдік.



## ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ ЖАЛҒАСА БЕРЕ МЕ?

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

### АСТАНАДА ПӘТЕРДІ ЖАЛҒА АЛУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

«Шаңырақ» риелторлық фирмасының директоры Ульзана Хамзина бір ай бұрын Астанада 100-110 мың теңгеге бір бөлмелі пәтер табуға болатынын айтқан еді, бірақ қазір елордада мұндай баға жоқ.

– Бүгінде оң жағалаудағы пәтерлер бағасы 120 мыңнан басталады. Бұл – ас үй студиясы бар және шалғай аудандардағы шағын отбасылық типтегі пәтерлер. Сол жағалаудан жастар 150 мыңнан бір бөлмені жалға алуына болады. Менің ойымша, мұндай бағалар қаңтарға дейін жалғасады, содан кейін тек 10-15 мың теңгеге ғана төмендейді, – дейді Ульзана Хамзина.

Сайттағы хабарландыруларға көз салсақ, көпшілігі бағаны 160-тан 200 мың теңгеге дейінгі аралықта көрсетеді. Көптеген нұсқа жетерлік, сондықтан талғаммен таңдауға мүмкіндік бар.

– Бұрын Астанада пәтер иелері балалары мен студенттері бар жас отбасыларды қоныстандырғысы келмеді, бірақ қазір ондай жағдай жоқ, өйткені соңғы жылдары көптеген жаңа үй салынды. Меншік иелері кез келген тұрғынға келесі, – дейді риелтор.

Оң жағалаудағы екі бөлмелі пәтерді жалға беру ақысы айына 150 мың теңгеден басталады, сол жағалаудағы ең төменгі баға – 200 мың теңге. Үш бөлмелісі 200 мыңнан басталады, бірақ көпшілігі 300 мың теңгені талап етеді.

### АЛМАТЫДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ?

«Квадрат» риелторлық тобы филиалының директоры Анна Тайановичтің айтуынша, Алматыда студенттердің көпшілігі 150 мың теңге көлемінде баспана іздейді, бірақ нарықта мұндай ұсыныс жоқ.

– Алматыда бір бөлмелі пәтерді 180 мың теңгеден (ең жақсы жерде орналасқан, жайкүйі жақсы деп айта алмайсыз), ал жақсы тұрғын үй кешенінде 450 мың теңгеге дейін жалға алуға болады. Екі бөлмелі пәтерді орташа жағдайда жалға алу – ақылы тұрғын үй кешенінде 250 мыңнан 1300000 теңгеге дейін жетеді. Кейбір студенттердің ата-анасы біржола оқу

жылы (9 ай) үшін тұрғын үйді жалдау ақысын төлеуге дайын, осылайша жалға берушінің де табысы тұрақты, қауіпі де азаяды және олар құнын 10-20 мыңға төмендетуге дайын, – деп түсіндірді Анна Тайанович.

Krisha.kz сайтына қазір бір қарасаңыз, 180 мың теңгеге бір бөлмелі пәтері бар жүз шақты хабарландыру жарияланғанын көресіз, олардың көпшілігі Наурызбай батыр және М.Әуезов аудандарында орналасқан.

– Ең арзан жалға берілетін тұрғын үй Наурызбай батыр және Түркістан ауданында орналасқан. Ең қымбаты – Бостандық, Медеу және Алмалы ауданында. М.Әуезов ауданы – Алматының өмір сүруге тартымды ауданының бірі және бағасы да орташа деңгейде.

Жақсы жағдайы бар, инфрақұрылымы дамыған аудан көліктің қолжетімділігі, жекелеген мектептер, балабақшалар мен емханалар десек, жергілікті арзан дүкендер мен базарлар да тұрғын үйді таңдауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, Медеу ауданында Алматыдағы ең қымбат жалға берілетін пәтерлер бар. Жалға алушының таңдауы элиталық жаңа гимараттар мен тарихи нысандардан бастап бюджеттік ескі, хрущев үйлеріне дейін жалғасады. Ең қымбат пәтерлер – ескі және жаңа орталықта, – деді Анна Тайанович.

Алматылық жалға берушілердің астаналықтардан айырмашылығы сол, меншік иесі студентке баспана беруге аса ниетті емес.

Сарапшылардың айтуынша, әсіресе, пәтерге сұраныс қыркүйекке қарай ұлғаяды, ірі университеттер орналасқан аудандарда жалға берілетін тұрғын үй бағасы 15-20 пайызға көтерілімек. Әрине, барлық студент мұндай бағамен жалға ала алмайды, сондықтан олар тұратын баспанасы арзанға түсетін жағын қарастыратыны сөзсіз. Студенттер мұндайда досымен, курстасымен бірге пәтер жалдайды немесе үй иесімен бірге қоныстануына тура келеді (бөлмесі бөлек). Ол болмаса, шағын отбасылар тұратын жеке жатақханаларды немесе коливингі, тағы басқа арзандау жатақхананы іздейді.

### БІРЛЕСІП ПӘТЕР ЖАЛДАУ

Егер екі бөлмелі пәтерді жалға алып, тұрғын үй құнын екіге бөлетін болсақ, ол әлдеқайда аз шығады: Астанада – 75000 теңге, Алматыда – 125000 теңге. Студент университеттің әлем-

орталығын құрды» деп атап өтті министр.

Сонымен бірге ол студенттер мәселесіне бей-жай қарамайтын қоғам қайраткерлері мен азаматтарды ахуал орталығының құрамына кіруге шақырды.

Студенттердің тұрғын үймен туындаған проблемасына жедел ден қою үшін ахуал орталығында +7-700-255-14-43 нөмірі бойынша call-орталық іске қосылды, ол 24/7 жұмыс істейді.

«Орын тапшылығы бойын-

жағын білім берудің жүйелі шешуі үшін биыл біз Алматы мен Астанада жатақхана салу бойынша жоба кеңселерін аштық, өйткені орын тапшылығының 70 пайызы осы қалаларға тиесілі. Сондай-ақ, мен бұған дейін жоғары оқу орындарында жөндеу жұмысын 15 тамызға дейін аяқтауды тапсырған едім. Оқу жылы басталғанша оқу орындарының бірінші басшылары жатақхананың санитарлық және техникалық нормалардың талаптарына сәйкестігіне ерекше назар аударуы қажет» деді Саясат Нұрбек.

Жоғары оқу орындарының болжамынша, жаңа оқу жылында жатақханаға мұқтаж

студенттер саны 134 мың адамды құрайды. Алматыда жоғары оқу орындары көп шоғырланғандықтан, жыл сайын әртүрлі өңірден келіп оңтүстік астанаға оқуға түсушілер саны көбейеде. Жатақханада орын жетпеген студенттерге орын тапшылығы мәселесі шешімін тапқанша хостел мен қонақ үйде орын ұсынылады.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Білім туралы» заңның барлық білім алушыны жатақханадағы орынмен қамтамасыз етуді көздейтін жаңа редакциясы күшіне енеді.

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ІСКЕ АСЫРУ

ЕЛІМІЗДІҢ КОЛЛЕДЖЕРІ МЕН ЖОО-ЛАРЫНДА БІЛІМ АЛУ КЕЗІНДЕ 7 145 АДАМ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ШЫҒЫСТАРЫ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ АЛАДЫ

#### БҰЛ:

✓ **ЖЕТИМДЕР МЕН АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАНДАР – 4651 АДАМ**

✓ **МҮГЕДЕКТІГІ БАР, БАЛА КЕЗІНЕН МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР, МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАР – 2494 АДАМ**

**ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ШЫҒЫСТАРЫ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ СОМАСЫ – ЖЫЛЫНА 29 АЕК**

#### МИНИСТРЛІК НЕ ДЕЙДІ?

Былтыр да еліміздегі жатақхана жыры қыркүйектегі ең өзекті тақырыпқа айналғаны белгілі. Жағдай онша өзгеріс қойған жоқ. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сонда «Енді университеттер студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге міндеттеледі. Мұндай талапты орындамайтын университеттерге лицензия берілмейді» деп айтқаны бар.

Өткен жылы 2026 жылға дейін елдегі студенттердің басым бөлігін жатақханамен қамтамасыз ететін жеткізген болатын.

Биыл ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жанынан студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету бойынша ахуал орталығы құрылды. Бұл туралы министр Саясат Нұрбек ЖОО ректорларының қатысуымен өткен кеңейтілген алқа отырысында айтты.

«Барлық студентті жатақханамен қамтамасыз ету мүмкін емес екені анық. Бұл – көп жұмысты қажет ететін мәселе. Бірақ министрлік осы бағытта жұмыс жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, біздің ведомство студенттерге жатақханадан орын алуға көмектесетін ахуал

#### ЖАТАҚХАНАЛАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАЛАЙ?

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Алматыға жұмыс сапары барысында оңтүстік астанадағы университеттерге қарасты жатақханалар мен студенттерге берілетін хостелдердің жаңа оқу жылына дайындық барысын тексеріп көрді. Министрді университет басшылары студенттер үйінің жай-күйімен таныстырды.

«Қазіргі таңда жатақхана тапшылығын шешу мақсатында үш бағыт бойынша жұмыс атқарылып жатыр. Біріншісі – құрылыс бағыты. Студенттер үйін салу үшін субсидия нормативтері өзгертілді. Қазір жекеменшік құрылыс компанияларымен белсенді түрде жұмыс істеп жатырмыз. Екінші бағыт – хостелдермен, қонақ үйлермен арнайы келісімшартқа отыру. Бүгінде Алматы қаласында 60-қа жуық хостелмен келісімшартқа қол қойылды. Үшінші бағыт бойынша әр университетте ахуал орталығы құрылып, белсенді жұмыс істеп жатыр» деді министр.

С.Нұрбек университет басшыларына тамыздың 15-іне дейін жатақханалардағы жөндеу жұмысын сапалы аяқтап, хостелдердегі санитарлық талапты тексеруді және әр студенттің қауіпсіздігіне жіті назар аударуды тапсырды.

**P.S:** Бұл тексеріс, бұл жұмыс жыл сайын жүргізіледі, бірақ нақты нәтиже жоқ. Мәселенің жылдан-жылға ушықпаса, шешілетін сыңайы байқалмайды. Елімізде не көп – жоғары оқу орны көп. Сол жоғары оқу орындары жаңа мамандық ашқанда немесе лицензиясын алғанда студентті жатақханамен қамтамасыз етуді өзіне міндетті етіп алса, білім берудің басты критерийіне айналса, жағдай осылай ушықпаса па еді, кім білсін?! Әзірге жатақханадан орын таппай, жалдамалы пәтер жағалаған жастар дорбасын арқалап баспана іздеуге мәжбүр. Шешімін таппаған әлеуметтің жағдайы қай кезде іске асады, тағы белгісіз.

## 70 МЫҢ ОРЫН ЖЕТІСПЕЙДІ

Елімізде 1 миллионнан астам студент білім алады. Бүгінде оларға жатақхана жетіспеушілігі 70 мыңнан астам орынды құрап отыр. Яғни 70 мың студент пәтер жағалап, оқудың емес, керісінше, пәтерақыны қамымен жүргені анық.

Соңғы 3 жыл бойы Amanat партиясы студенттердің жатын орын мәселесін жүйелі көтеріп, шешіп келе жатыр. Жылда ең болмағанда тағы 10 мың студенттің жағдайын жақсарту партиямыздың «Халықпен бірге» бағдарламасында арнайы көрсетілген. Ол үшін біз 2023 жылдан бастап жатақхана құрылысы үшін мемлекеттік тапсырыс төлемін 1,5 есеге, ал мегаполистерге шамамен 2 есеге көтеріп, әкімдік тарапынан жер учаскесін қайтарымсыз беру мәселесін де пысықтадық. Бірақ биыл тағы да мәселе ушығып тұр. 2023 жылдың жоспарына сәйкес, 11400 орындық 34 жатақхана іске қосылуы тиіс еді. Алайда бұл процестің өте баяу әрі тиімсіз шаралардың әсерінен орындалмай қалу қауіпі жоғары.

Біле білсеңіздер, студенттер жатақханасы бұл ең маңызды әлеуметтік нысан екенін ескеретін уақыт жетті. Жыл бел ортасына жетсе де, 6 айда 11 мың орыннан астам салынуы тиіс жатақханалардың тек 900 орындық екеуі ғана, яғни 8 пайызы ғана іске қосылды. Бұл – бір. Екіншіден, сол тізімдегі жатақханалардың 2,2 мың орны мүлдем салынбай қалу қаупінде тұр. Яғни қойылған жеңіл, берілетін студенттік жатақханалар да салынбайды деген сөз. Үшіншіден, жергілікті әкімдіктер әлі де болса студенттік жатақханаларды салуға мүдделі емес екенін нақты көрсетуде. Оның ішінде білім беру ұйымдарына жер бөлу, гимараттардың нысаналы мақсатын өзгерту, қажетті құжаттарды реттеу бойынша жұмысты бюрократияға айналырудың қажеті жоқ. Меніңше, Үкімет тарапынан жатақхана салу бойынша «қалдықты принципті» ұстану жас студенттерге жасалған әділетсіздік деп санаймын.

Осы ретте, аталған мәселенің маңызын ескере келе, төмендегіні ұсынамыз: біріншіден, жатақхана мәселесі ушығып тұрған аймақтардың әкімдіктерін мен орталық мемлекеттік органдар тарапынан тез арада бірлескен нақты іс-қимыл жоспарын бекітуді ұсынамыз. Екіншіден, инвесторлармен жүйелі жұмысты ұйымдастырып, жаз, күз айларында құрылыс жұмыстарының қарқынды күйейту керек. Ол үшін жергілікті әкімдіктердің де мүмкіндіктерін заң аясында пайдалануды қарастырсaq. Үшіншіден, студенттік жатақхана-ның әлеуметтік маңызы бар нысан ретінде қарастырып, жатақхана салу мәселесінде арнайы мемлекет пен жекеменшік әріптестік деңгейіндегі жаңа бағдарламаны іске қосу қажет. Күзгі оқу науқанында вокзалда, далада қонған жас ауылдастарымызға аянышпен қарамау үшін нәтижелі жұмыстарды пысықтау керек.

**Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,**  
**Мәжіліс депутаты**



# АСТАНА МАҢЫНДА ДА МӘСЕЛЕ КӨП

Бас қаланың Ақмола облысымен шектесетін аудандарында бірқатар мәселе бар. Олар біртіндеп шешілуде. Астана қаласы мәслихаты мен Ақмола облысы депутаттарының бірлескен отырысында осы мәселелер кеңінен талқыланды.

Бұл ретте мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов отырыста қала маңындағы аймақтарды дамыту, инфрақұрылымды жақсарту және жетілдіру мәселелері қозғалғанын айта келе, әсіресе елордаға жақын жерде орналасқан Аршалы елді мекенінің тұрғындары қоғамдық көлік қатынасын



бірқатар мәселесі көтерілді. Біріншіден, бұл – әртүрлі саладағы қала маңындағы аймақтарды, инфрақұрылымды дамыту және жетілдіру. Сондай-ақ жиында қоғамдық көліктің жұмысына қатысты да сұрақ

мәселелерін шешу, жұмысқа орналастыру және тағы басқа мәселелер талқыға түсті, – деді Ерлан Каналимов.

Халық қалаулыларының бірлескен отырысында аумақтық ресурстарды оңтайландыру,

туралы келісімге келді.

– Ақмола АЭК электрмен жабдықтауды жақсарту, жерлеуді абаттандыру мәселесі өзекті болып қала береді. Келесі бірлескен кеңесті ӘКК және мемлекеттік органдар



дамытуды қалайтынын өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

– Ақмола облысының депутаттарымен бірлескен отырыста Ақмола облысының Астанамен шектесетін аудандарының

қойылды. Мысалы, Аршалы тұрғындары автобустардың іске қосылуын сұрайды. Сонымен бірге жер учаскелерін тіркеу мәселелерін оңайлату, Есіл өзенін бірлесіп тазарту, ҚТҚ стихиялық үйінділерін жою

абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының да жүйелі жүргізіліп келе жатқаны сөз болды. Осыған орай, Астана қаласы мен Ақмола облысының мәслихат депутаттары алдағы жоспарларын бірлесіп әзірлеу

өкілдерінің қатысуымен өткіземіз, – деді Ерлан Каналимов.

Ақмола облысының бас қаламен шектесетін аудандарының мәселелерін талқылауға қатысты бірлескен отырыстар алдағы уақытта жалғасады.

Осы біз мерейтой, атаулы дата, біреудің жылы дегенге тым әуес болып кеткен сияқтымыз. Мысалы, жақында ғана хакім Абайдың күнін ел болып атап өттік. Өте құнды бастама, аса айтулы күн, ғибраты мол мереке. Алайда Абайдай ақылманның дана болмысы, дара тұлғасы бір күнге байланып қалмайтыны да белгілі.

## ТАУСЫЛМАЙТЫН КЕН

Хакімнің мұрасы – айдаһардан-айдаһарға, ғасырдан-ғасырға кете беретін таусылмас кен, баға жетпес байлық. Білген, түсінген жанның өмірлік кредосы, адастырмас темірқазығы, рухани құбыласы.

Түптөп келгенде, Абайдың әлемі, Абайдың арман-аңсары, тіпті Абайдың аманаты күллі қазақ баласының арман-аңсарына, әлеміне айналуы тиіс. Сонда ғана Асқар Сүлейменов ағамыз айтпақшы «қазаққа ес кіреді, Абай да сонда ескіреді». Қысқасы, жыл – он екі айдың бір күнінде Абайды еске алып, өлеңін жаттаған боп бір-бірімізге челлендж жолдап әуреленіп, артынан оны «благополучно» ұмытып, жылы жауып қоймайықшы. Оның керегі шамалы-ау, осы.

Менің мынадай бір ұсынсымы бар. Грузин халқында бір тамаша дәстүр бар екен. Ұзатылып бара жатқан қыз жасауына сүйікті шайырлары

Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасын салатын көрінеді. Онсыз қанша жерден алтынмен аптап, күміспен күптесе де қыз жасауы ажырамас бөлшегі етейік. Міне, ұлт перзентіне деген құрмет. Бұл – өткеніңе, рухани құндылығыңа деген тағзым. Бұл – болашаққа деген сенім. Ел боламын деген ұлттың бесігін түзеуге ұмтылысы.

Меніңше, бізге де қажет дәстүр. Жақсыдан неге үйренбеске?! Біз де Абайдың шығармаларын қыз жасауының ажырамас бөлшегі етейік. Жасауымен бірге жас отаудың төрінде тұрсын хакім мұрасы. Сол үйдің бала-шағасы оқып өссін, санасына сіңіріп, жасын жаттап өссін. Одан ұтпасақ, ұтылмайтынымыз хақ. Осыны дәстүрге айналдырайық, салтымызға сіңіріп, ғадетіміз болсын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
мемлекеттік қызметкер

## ЖӘРМЕҢКЕДЕ БӘРІ БАР

ЭКСПО халықаралық көрме орталығының алаңында KIDS EXPO «Балалар әлемі» балалар тауарларының жәрмеңкесін Астана қаласының әкімдігі QazexproCongress ұлттық компаниясымен бірлесіп өткізді.

### Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ЭКСПО халықаралық орталығының алаңындағы жәрмеңкеде сатушылар ата-аналарға мектеп құралдарының барлық ассортиментін ұсынды: кеңсе тауарлары, сөмке, спорт костюмі, мектеп формасы, аяқ киім және тағы басқалар.

– Біз бұл шараны ата-аналар мектепке қажетті барлық заттарды сатып алып, барлығын бір алаңда сатып алу үшін ұйымдастырдық. Жәрмеңкеге әртүрлі өнімді ұсынатын 60-тан астам компания қатысып жатыр. Іс-шара аясында қайырымдылық акциясы өтті, оған 13 кәсіпкер қатысуға ниет білдірді. Олар әлеуметтік жағдайы төмен 16 балаға кеңсе тауарлары бар мектеп рюкзакын сыйға тартты. Біз кәсіпкерлерге балалардың жасы мен қажеттіліктерін ескере отырып, рюкзактар мен кеңсе

тауарларын таңдауға мүмкіндік бергені үшін және осы іс-шараға мұқият әзірленгені үшін ризашылығымызды білдіреміз, – деді QazexproCongress ұлттық компаниясының баспасөз хатшысы Гүлжан Сергибаева.

Бастауыш сынып оқушысының анасы Мәдина Бекбергенова жәрмеңкеде өзінің ұлы Азаматқа жеңілдікпен форма сатып алып, өз әсерімен бөлісті: – Біз бірнеше дүкенге бардық. Әрине, баға әлдеқайда жоғары. Бізге бір жерде баланы дайындаумен барлық мәселені шешуге болатыны ұнады. Жәрмеңкеде бір алаңнан мектеп формасы, кітап, дәптер, қалам, қарындаш, рюкзак сатып алдық. Балаларға шеберлік сыныптары, ойын алаңдары, мәдени-ойын-сауық бағдарламасы бар балалар шығармашылық студияларының қойылымдары және спорт шаралары ұсынылды.

Айта кетейік, жәрмеңке 21 тамызға дейін өтті.



### БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ арналған

Интернет желісіндегі ақпараттық қауіпсіздік ережелері



### АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР:



Жасөспірімдерге арналған интернетті пайдалану ережелерінің тізімін жасаңыз және оларды сөзсіз сақтауды талап етіңіз.



Балаңызбен тыйым салынған сайттардың тізімін («қара тізім»), интернеттегі жұмыс уақытын, Интернеттегі байланыс нұсқаулығын (соның ішінде чаттарда) талқылаңыз.



Интернет желісіне қосылған Компьютер ортақ бөлмеде болуы керек.

### АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР:



Шынайы өмірдегі достар туралы сөйлескендей. Интернеттегі достары мен немен айналысатындары туралы балалармен сөйлесуді ұмытпаңыз.



Бұл адамдардың таныс екеніне көз жеткізу үшін балалар жедел хабар алмасу қызметтері арқылы байланысатын адамдар туралы сұраңыз.



Стандартты Ата-ана бақылауына қосымша ретінде қажетсіз мазмұнды блоктау құралдарын пайдаланыңыз

### АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР:



Сіздің балаларыңыз қандай чаттарды қолданатынын білуіңіз керек.



Модераторлық чаттарды пайдалануды ынталандырыңыз және балалардың жеке режимде сөйлеспеуін талап етіңіз.

**АТА-АНА БАҚЫЛАУЫН ОРНАТЫҢЫЗ!**

БІР СУРЕТ ТАРИХЫ



Шәкәрім Құдайбердіұлының есімімен байланысты қазақ даласын зерттеуге келген экспедицияның бірі - құрамында Ресей этнографы Фёдор Артурович Фиельструп болған 1926-27 жылғы этнографиялық экспедиция.

# ШӘКӘРІМ ҚАЖЫНЫ СУРЕТКЕ ТҮСІРГЕН КІМ?

Ахат Шәкәрімұлының естелігінде: «1925 жылдың мөлшерінде, Ленинград жоғары мектебінің филология бөлімін бітірген Фиелстров деген орыс азаматы, қасында жоғары мектептің оқушысы, жас қазақ жігіті бар, екеуі жайлауда «Қара бұлақ» деген қоныста, біздің ауылға келеді. Фиелстров қазақтың әдет-ғұрпын зерттеуге шыққан. Бұлар бір жұмадай жатып, әкейден қазақтың түрлі ғұрпын – қыз ұзату, құдалық жайлы, ырым-жораларын, әртүрлі ыдыс, ертокым, үй мүлкі бөлшектерінің аттарын, түрлі ырымның қалай аталатынын, олардың неге, қандай ғұрыпқа байланысты екенін және басқа да қазақтың ескі тарихи әдебиеттерін сұрап, көп әңгімелесті. Әкейдің құсын ұстап отырған жеңе өзін жекелей суретке түсірді. Сол Фиелстров қайтып барған соң, қазақтың этнографиясы жайынан кітап жазып бастырып, бір кітабын әкейге жіберді» деп атап өткен.

Осы естелікте аталған «Фиелстров» кім деген сұраққа жауап іздеген зерттеушілер бұл есімді көп жылдар Қазақстанның Орталық музейінің қызметкері болған М.Әбдешевтің «Шәкәрім қажы деп отырмыз» атты мақаласында кездестіреді. Мақала 2002 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрді.

Бұл мақалада 1988 жылы Мәскеуде жарық көрген белгілі этнограф Б.Кармышеваның «Этнологическое изучение народов Средней Азии и Казахстана в 1920-е годы: (Полевые исследования Ф.А.Фиелструпа) //

Очерки истории русской этнографии, фольклористики и антропологии» атты кітабында «Охотник с беркутом. Казах. Бывший Семипалатинский у. 1927 г.» деген жазбамен жарияланған фотосуретте Шәкәрім Құдайбердіұлы бейнеленген деген тұжырым айтылады. Тұжырымына дәлел ретінде автор Ахат Шәкәрімұлының естелігінде айтылатын «Фиелстровты» Фиелструп болуы әбден мүмкін дейді.

Мақаланы жариялап отырған «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясы да айтылған ақпаратқа күмәнмен қарап, мақаланың соңында: «Редакциядан: мақала авторы Марат Әбдешевтің ізденісін, ниетін біз жақсы түсінеміз және оны толық қолдаймыз. Бірақ бұл тұжырым бір ғана адамның көзқарасы болып қалмаса дейміз. Табылған фотосуретке ҚР Ұлттық Ғылым академиясындағы тиісті институт мамандары не дейді? Мәселеге сарапшы-ғалымдардың кәсіби тұрғыдан назар аударып, өз пікірін айтуын қалар едік» деп жазған еді.

Аталған мақалаға қатысты көптеген пікір айтылып, Шәкәрім Құдайбердіұлын көрген көнекез қариялар фотосуреттегі бейнеде қажыны танығанын айтып, фотодағы Шәкәрім бейнесі деген тұжырымды жақтағандар басым болды. «Шәкәрімнің дәл өзі», «Шәкәрімнің ел күмәнданған суреті туралы» деген мақалалар жарық көрді. Сонымен бұл фотосурет ақынның бейнесін қазіргі күнге жеткізген екінші фотосуреті деп танылды.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарих-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің қызметкерлері осы фотосуретке қатысты зерттеу, ізденіс жұмысын жүргізді.

Ең алдымен Фёдор Артурович Фиельструптың «Из обрядовой жизни киргизов начала XX века» деген 2002 жылы Мәскеудің «Наука» баспасында жарық көрген кітабында аталған фотосурет жарияланбаған болып шықты. Ф.Фиельструп туралы Б.Кармышеваның мақалалары іздестіріліп, ондағы этнограф туралы мәліметтер жинастырылды.

Шәкәрім суреті басылған кітап анықталды, ол «Очерки истории этнографии, фольклористики и антропологии. Выпуск Х. Труды института этнографии им. Н.Н.Миклухо-Маклая. Том 114. Москва, 1988 г.» басылымы. Бұл кітапта суреттің Шәкәрім Құдайбердіұлы екені жазылмаған. Жоғарыда айтылғандай, фотосуреттің астында «Охотник с беркутом. Казах. Семипалатинский у. 1927 г.» деген ғана жазба бар. Көп еңбекте Фиельструптың жеке архиві Санкт-Петербургтегі музейлерде сақталды деген жазбаларға сүйеніп, кезінде «Русский музейге» қараған, кейіннен жеке ұйымдастырылған этнография музейі қызметкерлерімен хабарласып, онда тек жекелеген деректер ғана сақталғаны туралы ақпарат алынды. Ал зерттеушінің жеке архиві Мәскеу қаласында екені анықталған соң, ғылыми

зерттеу жұмысы Ресей астанасында жалғасты. 2014 жылы Мәскеудегі Ресей Ғылым академиясы Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының архивінде этнографтың жеке архиві мен түсірген суреттері, жазбалары табылды.

Ресей Ғылым академиясы Этнология және антропология институтының архивінде Ф.Фиельструптың жеке архиві сақтаулы екені туралы зерттеулерде айтылады. Осы архивте қазақ этнографиясына қатысты қандай деректер бар екенін анықтау үшін институт қызметкері Е.Наумовамен хабарласып, кездесіп, қажет ақпарат алынды.

Осы архивте сақталған фотосуреттердің арасынан Шәкәрім суретінің түпнұсқасы табылды. Суреттің сыртында «Казах. Семипалатинская губ., Семипалат. у., уроч. Кенбулак, Шапкентас. Шакарим аджи со своим беркутом. Фиельструп. 1927 г.» деп жазылған. Бұл суреттің басты жаңалығы, біріншіден, түпнұсқа болғаны, екіншіден, фотоның анық Шәкәрімдікі екені туралы

жазбаның болғаны. Сонымен қатар Шәкәрім қажы ауылының көрінісі, қазақтың тұрмыс-салты мен ерекшелігін көрсететін өзге де көптеген сурет табылды. Бұрын қолданыста жүрген Шәкәрімнің бүркіт ұстап тұскен осы суреті газет пен кітаптардан көшірме жасалғандықтан анық емес болатын. Сонымен қатар Шәкәрім бүркітінің жеке суреті де табылғаны жайлы музей қызметкерлері БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында айтқан еді.

Осы уақытқа дейін жарық көрген мақалалар мен зерттеулерде Ф.Фиельструп архивіндегі қазақтарға қатысты фотосуреттер мен аздаған деректер туралы ғана айтылады. Бұл жарияланымдарда қазақтың белгілі ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының фотосуреті туралы ғана айтылады да, ал халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне қатысты қандай деректер бергені туралы үстірт қана айтылып келді.


Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы салт-дәстүрі, айналысқан кәсібі туралы құнды жазбаларды зерттеп, ресейлік этнограф Ф.Фиельструптың және Шәкәрім Құдайбердіұлының еліміздің этнологиясына қосқан үлесі жайлы айту – музей қызметкерлерінің алдағы ғылыми жұмысының мақсаты.

**Мейрамгүл ҚАЙРАМБАЕВА, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы директорының орынбасары**

ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

# БАЛАЛАРДЫҢ ЖҮРЕГІН ЖАУЛАҒАН

Балаларға арнап шығарма жазу, сол арқылы кішкентай оқырманның құрметіне бөлену үлкен талантты қажет ететіні ақиқат. Біздің қазақ балалар әдебиеті де осындай таланттарға кеңде емес. Солардың бірі – Бердібек Соқпақбаев. Астананың Сарыарқа ауданындағы бұрынғы №187 көше бүгінде белгілі жазушы Бердібек Соқпақбаев есімімен аталады. Жалпы ұзындығы 574 метрді құрайтын шағын көшенің бойында техникалық колледж, дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» мамандандырылған лицей-интернат, сауда орындары және т. б. орналасқан.



**Гүлбаршын ЕКЕШҚЫЗЫ**

1924 жылы 13 қазанда Алматы облысы Нарынкол ауданы, қазіргі Райымбек ауданының Қостөбе ауылында дүниеге келіп, осы жерде мектеп бітірген Бердібек Соқпақбаев 1949 жылы қазақтың Абай атындағы педагогика институтын тәмамдап, алғашқы еңбек толын туған ауылында мұғалім болып қызмет етуден бастады. 1952-1970 жылдар аралығында ол «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында, Қазақстан

салған оқушы ертең қандай азамат болады?» деген пиғылдағы әңгімелер желдей есті. Сосын оны естіген орындаушылар жазушының кітабын басудан бас тартқан. Бірақ оған мойымаған Б.Соқпақбаев шығармасын Мәскеуден шығатын «Детская литература» баспасына апарып береді. Сөйтіп, бірінші «Менің атым Қожа» кітабы орыс тілінде басылып шықты. Қазақтың Қожасы оқырман қауымының қызығушылығын туғызды. Одан кейін екінші болып француздар өз тіліне аударды. Бір-



Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарды.

«Бақыт жолы», «Алыстағы ауылда», «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы», «Аяжан», «Жолда», «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гауһар?» және т. б. шығармаларын дүниеге әкелді. Көзі тірісінде жазушының 20-дан астам кітабы жарық көрді.

Жазушы шығармаларының ішіндегі бала жүрегіне жол тапқан үздік туындысы «Менің атым Қожа» повесі болды. Бұл – қарапайым тілмен жазылған, шындықтан туындаған шығарма.

Қаламгер бұл кітабын шығарарда өз елінен алғашқыда қолдау таба алмады. «Кеңестік тәрбиеге қайшы. Біздің оқушылар Қожаның сотқар қылығына еліктеп, тәрбиеден аттап кетеді. Мұғалімнің сөмкесіне бақа

ден 30 шақты тілге аударылып шартарапқа жайылды.

Содан кейін ғана өз елі Б.Соқпақбаевты мойындады. Повесть 1957 жылы жарық көріп, жазушыны бірден оқырманна танытты. 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы осы повесть негізінде экранға алып шығарды. Қазақ киносында соны соқпақ салған режиссердің бірі Абдолла Қарсақбаев сияқты екі ірі тұлғаның ортақ шығармашылығы Францияның Канн қаласында өткен халықаралық кинофестивальде арнайы сыйлыққа ие болды.

Өткен жылы Қазақстандағы «Балалар жылы» аясында елордадағы «Жетісу» саябағында «Менің атым Қожа» шығармасының кейіпкеріне ескерткіш тақта орнатылды. Енді Б.Соқпақбаев сотқар қылығына еліктеп, тәрбиеден аттап кетеді ескерткіші орын алу, көшеге керемет көрік берер еді.

«Столичная дезинфекция» ЖШС 22.08.2023 жылдан бастап Астана қ. ірі, таяз және уақытша су айдындарында және ашық стацияларда 5-ғурда массаларды жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-707-300-50-30.

# ҚЫЗДЫҢ КӨРКІ – ҮКІАЯҚ



Қыздар арасында тақия кию сәнге айналды. Бұрындары оны тек ұлттық мейрамдарда ғана көретінбіз. Қазір бұл қазақ қыздарының көркін ашатын сәнді бұйымның бірі саналады. Тақияға тағылатын әшекейлердің өзі де күмістен жасалып, қазақы ою-өрнекпен көмкерілген.

Ертеде қыздардың тақиясына ілінетін үкіаяқ деген әшекей болған. Мұны әшекей деуге де келмейтін шығар. Өйткені бұл гигиеналық зат ретінде қолданылған. Онымен тырнақ тазалаған, қажет емес кезінде тақияның төменгі жағына іліп қойған.

Қыз баланың барлық дүниесі әдемі, көз тартатындай болуы керек емес пе?! Сондықтан оған тиым, моншақ, салпыншақ тағып әсемдеген. Дәл осындай үкіаяқты біз облыстық тарихи-өлкетану музейінен кездестірдік. Экспонаттар арасында тұрған бұл бұйым XIX ғасырдың соңында қолданылған екен. Үкіаяқ күміспен көмкеріліп, безендірілген.

**Сымбат БЕГІМБАЕВА**



## БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ

Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновтің туғанына 101 жыл толуына орай Триатлон паркінде ерлер мен әйелдер 10,1 және 5 шақырым қашықтықта жүгірді.

Бұл іс-шара «Атамның аманы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан және елорда әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Оған 700-ден астам адам қатысты. Олардың арасында Ақмола гарнизонының, Шекара қызметінің, Ұлттық ұланның әскери қызметшілері, Қарулы күштердің ардагерлері, кәсіби спортшылар мен спорт

сүйер қауым бар.

Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы, авиация генерал-майоры Дәурен Қосанов жарысқа қатысушыларға арнап сөз сөйледі.

Жарыс алдында Қорғаныс министрлігінің, Қарулы күштердің, Шекара қызметі мен Ұлттық ұланның құрылымдық бөлімшелерінің атынан қатысқан әскери қызметшілер жүгірді.

18-49 жас аралығындағы ерлер арасында 10,1 шақырым қашықтықты жарыстың қорытындысы бойынша бірінші болып келген – Әлімжан Балтабек, екінші орынды Дамир Әбдірахманов, үшінші орынды Сұлтан Базарбаев иеленді. Осы жас санатындағы әйелдер арасында Жанна Әлжанова үздік деп танылды, Аліса Крафт және Алена Ақымбекова осы үштікке ілінді.

50 жастан асқан ерлер арасында Ринат Саликжанов бірінші орын алса, Лоренс Россос екінші, Арсан Жүзенов үшінші орынды қанжығасына байлады. 50 жастан асқан әйелдер арасында Соңя Вэкстейн жеңімпаз атанды.

18-49 жас аралығындағы ерлер арасында 5 шақырым қашықтықта Дәулет Садуақасов мәре сызығын бірінші болып кесіп өтті. Одан кейін Архат Қалдыбек келсе, үшінші болып Бейбіт Ахмулов мәреге жетті. Осындай санаттағы әйелдер арасында Дина Жәкенова жеңіске жетсе, екінші орынға Мәдина Берқалиева, ал үшінші орынға Лунара Бекеева табан тіреді.

50 жастан асқан ерлер арасында Елеусіз Пардабай жеңіске жетсе, екінші орынды Сәкен Губашев, үшінші орынды Абай Тасболатов иеленді. Одан өзге 50-ден асқан әйелдер арасында Гүлмира Тұрлыханова жеңіс тұғырынан көрінді.

Жарыстың барлық қатысушысына милитари үлгісіндегі футболкалар мен аты аңызға айналған ұшқыш басқарған шабуылдаушы ұшақ түріндегі медальдар табыс етілді.

Іс-шара аясында Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұланның әскери ансамбльдері, елорданың шығармашылық ұжымдары мен құрмет қарауыл ротасының дефилесі көрсетілді.

Елордада «Bolashaqqa jol» жобасы аясында жастар мен танымал тұлғалардың кездесуі өтті.

## ТҰЛҒАЛАРМЕН ТІЛДЕСТІ

Жастарды салауатты өмір салтын қалыптастыруға шабыттандыру мақсатында ұйымдастырылған бұл жиын Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» КММ-ге қарасты Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өтті. Оған қатысқан спикерлер өз өмір тәжірибесі мен табысқа жетудегі еңбек жолын мысалға ала отырып, салауатты өмір салтын ұстанудың артықшылығын жанды мысалдармен түсіндірді. Сондай-ақ адамның табысқа жетуіне қоғамдық ортаның да ықпалы айрықша екенін атап өтті.

Алдағы уақытта «Bolashaqqa jol» жобасы аясында нашақорлыққа қарсы тұру және оның алдын алу, салауатты өмір салтын ұстану қағидаларын нығайту мақсатында алуан түрлі акция, флешмоб өткізу жоспарланып отыр.



## ЕСІЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ АРАЙЛЫ КЕШ

Астана қаласының көрнекті орындарының бірі – Кенесары ханға арналған ескерткіштің жанында орналасқан Арбат жаяу жүргіншілер жолы. Есілдің жағалауы мен екі ортада кешкі салқынмен жүретін адамдардың қарасы көп.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

музыка тыңдаған астана-лықтар мен қала қонақтары жиі баратын сүйікті мекенге айналды.

Тамыз айының жексенбі кешінде Арбатта астана-лықтар мен елорда қонақтары ортаға шығып, танымал кавказ биін немесе вальске билегісі келетіндердің барлығына шын жүректен қол соқты.

Лезгинка бәрине таныс. Ол концерттерде, мерекелерде, отбасы мерекелерінде орындалады. Демалыс күндері күн батқан соң, елордалық Арбатта әуезді әуендер естілген сәттен бастап өтіп бара жатқан жаяу жүргіншілер

өздері де көңілденіп, би билеп, қол шапалақтап, ортаға қосылады.

Елордадағы лезгинка мектебінің негізін қалаушы Салим Айлазовтың айтуынша, бұл – Астанадағы жастар арасында соңғы уақытта кеңінен дамып келе жатқан би мәдениеті. Жастарды ғана емес, ол үлкендердің де жүрегін жаулап алуда. Бұған дәлел – қала тұрғындарының осы кеште өткен конкурстар мен жарыстарға белсенді қатысуы.

Сенбі-жексенбі күндері мұндағы кештер халық сәруеніне ұласып, рухани демалыс ошағының көркін ашады.



## ЖЕЛЯҚТАР ЖАРЫСЫ

Astana Run Challenge атты жүгіру жарысының екінші кезеңі елорданың орталық саябағында жалғасты.

Спорттық іс-шараның ашылуына Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев, Астана қаласы бойынша триатлон федерациясының президенті Евгений Большерт қатысты.

Astana Run Challenge екінші кезеңі аясында қалалық триатлон федерациясы және Mega Kids балалар орталықтары мен балабақшалар желісі бірлесіп, айтулы мереке қарсаңында түрлі түске боялған балалар жарысын өткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жалпы қашықтығы 500 метрді құраған жарысқа 14 жасқа дейінгі 270-ке жуық жасөспірім қатысты. Мәре сызығын кесіп өткен әр бұл-

діршіне арнайы медаль, ал жеңімпаздарға естелік сыйлық табысталды.

– Мамыр айында өткен бірінші кезеңге 300-ден астам астам жасөспірім президенті Евгений Большерт қатысты.

Бірінші кезеңде желаяқтар Ботаникалық бақта жүгірсе, үшінші кезеңге қатысатын атлеттер Триатлон саябағында жалғастырады.

Astana Run Challenge-дің жеңімпаздары жас ерекшелігіне қарай 18-29, 30-39, 40-49, 50-59, 60+ анықталып, арнайы сыйлықпен марапатталды.

## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ-тың 15 жылдығына орай өткізілген VIII спартакиада өз мәресіне жетті.

«Бір команда – бір мақсат!» ұраны аясында өткен спорт сайысында мұнай-газ өнеркәсібі, металлургия, көлік және басқа да сала мамандары бақ сынады. Қор құрамындағы 15 компания және бір құрама 11 спорт түрінен күш сынады. Жалпы спартакиадаға 845 қызметкер қатысты.

Үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, армрестлинг, жүзу және футбол, волейбол, баскетбол, арқан тарту, асық ату және киберспорт бойынша шеберлігін сынады.

«Биыл спартакиаданың байрағы сегізінші рет көтеріліп, тартысты да қызықты ойынға куә болдық. Салауатты

адам еңбек өнімін арттырып, сапалы жұмыс істейді. Осы себепті қор бұқаралық спортты дамытуға дем беріп қана қоймай, қызметкерлердің де салауатты өмір салтын ұстануға жан-жақты жағдай қалыптастырады» деді қордың еңбек-әлеуметтік қатынастар және еңбекті қорғау бойынша басқарушы директоры Гибрат Ауғанов.

Тартысты сайыстың қорытындысы бойынша кубокты «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ командасы иеленді. Ал «Самұрық-Энерго» АҚ командасы екінші, «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшінші орынды еншіледі.



Дайындаған Нұрлат БАЙГЕНЖЕ